

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК және «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебі» ЖШС арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандум

Астана қаласы

« 31 » 05 2023 ж.

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК (бұдан әрі – Орталық), Жарғы негізінде әрекет ететін директоры Дауешова Сындар Муратовна, бір тараптан және екінші тараптан Жарғы негізінде әрекет ететін Бас директоры Мәуіт Ырысбек Мәуітұлы болып табылатын «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебі» ЖШС өзара ынтымақтастықты орнату мақсатында осы Меморандумды төмендегідей талаптар бойынша жасасты.

1. МЕМОРАНДУМНЫҢ МӘНІ

1.1. Тараптар Қазақстан Республикасы бойынша мектеп оқушыларының сапалы білім алуларына өзара тиімді жағдай жасау мақсатында осы меморандумды жасасты.

1.2. Осы Меморандумда көрсетілген шараларды орындау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

2. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1. Осы Меморандум аясында Тараптар барлық білімін, ресурстарын және материалдық мүмкіндіктерін Меморандум мақсаттарын асыру үшін (офлайн/онлайн режимінде) пайдаланады.

2.2. Тараптар арасында бірлескен жұмыс үшін, әлеуметтік серіктес ретінде, байланыстар орнатып, тараптар арасында бірлескен жұмыс үшін байланыстар орнатып, өзара жұмыс жасау үшін жағдайлар жасау, өзара тәжірибе алмасу үшін жағымды жағдайлар жасау.

2.3. Ынтымақтастықты дамыту үшін бірлескен жобалар мен бағдарламаларды енгізуге және қоғамдық маңызды іс-шараларды (педагогикалық практикалар, ғылыми-әдістемелік, олимпиадалар, оқу семинарларын, тренингтер, форумдар, брифингтер мен көрмелер, біліктілікті арттыру курстарын, конкурстар, кездесулер және т.б.) өткізуге ықпал ету.

2.4. Тараптар арасында білім беру мазмұны бойынша тұрақты ақпарат алмасу.

2.5. Ұлттық бірыңғай тестке дайындық курстарының сапалы білім беруіне жағдай жасау.

2.6. Математика пәнінен олимпиада резервтерін дайындауға ықпал жасау.

3. «ЗЕРДЕЛІ» АҚЫЛ-ОЙ ДАМУ МЕКТЕБІНІҢ» МІНДЕТІ

3.1. Қосымша білім берудің құрылымы мен мазмұнын және ғылыми-әдістемелік әрекетін қамтамасыз ету.

3.2. Мақсатты, әлеуметтік маңызы бар жобалар мен іс-шараларды бірлесіп ұйымдастыру.

3.3. Тараптардың қызметін жақсартуға бағытталған бірлескен инновациялық жобаларды дайындау және өткізу.

3.4. Тараптар ұйымдастырған конференцияларға, семинарларға, форумдарға және басқа да іс-шараларға Тараптардың өкілдерінің қатысуымен қызметтің сәйкес салалары бойынша Тараптардың жинақтаған тәжірибелерімен және білімдерімен тәжірибе алмасу (қашықтықтан және офлайн/онлайн режимінде).

3.5. Білім, ғылым саласындағы өзара қызығушылық тудыратын ақпараттармен алмасу.

3.6. Білім алушылардың қабілеттігі мен дарындылығын анықтау мақсатында пәндік олимпиадалар өткізіп, өткізу күндерін бірлесе отырып, бекітілген арнайы кесте арқылы жүргізу (қашықтықтан және офлайн/онлайн режимінде).

3.7. Бірлескен жобалар мен бағдарламаларды енгізуге және қоғамдық маңызды іс-шараларды (конференциялар, семинарлар, олимпиадалар, тренингтер, фестивальдар, форумдар, брифингтер, көрмелер, конкурстар, кездесулер, курстық бағдарламалар т.б.) өткізуде ұйымдастыру және өткізу туралы ұсыныстар енгізу.

3.8. Байқау, олимпиадаларда контент-ресурс (математика пәні бойынша) дайындау және қазылар алқасы мүшелерінің құрамында нәтижелері бойынша қорытынды шығару.

4. «ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚТЫҢ» МІНДЕТІ

4.1. Бірлескен жобалар және қоғамдық маңызды іс-шараларды (конференциялар, семинарлар, олимпиадалар, тренингтер, фестивальдар, форумдар, брифингтер, көрмелер, конкурстар, кездесулер, курстық бағдарламалар, т.б.) өткізуді ұйымдастыру іс-шараларына атсалысу.

4.2. Осы Меморандумдағы көрсетілген шараларды жүзеге асыру үшін Тараптар өздерінің жауапты тұлғаларын белгілейді және осы аталған жауапты тұлғалар өзара ынтымақтастықты іске асыру үшін жауапты болады.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

5.1. Осы Меморандумды іске асыру барысында Тараптар ешкімнің құқықтары мен заңды мүдделеріне қайшы келетіндей әрекет етпеуіне кепілдік береді.

5.2. Әрбір Тараптың жеке міндеттемелері үшін екінші тарап жауап бермейді.

6. МЕМОРАНДУМ МЕРЗІМІ

6.1. Осы Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 3 (үш) жыл қолданыста болады.

6.2. Мерзімнің аяқталуына 2 (екі) ай қалғанға дейін Тараптардың ешқайсысы оны тоқтату туралы ұсыныс жасамаса, Меморандум автоматты түрде келесі 3 (үш) жылға күшінде қалады.

6.3. Меморандум кез келген уақытта Тараптардың өзара келісімі немесе біреуінің ниеті бойынша болжамдағы шарт бұзылатын күннен 1 (бір) ай бұрын екінші Тарапты жазбаша түрде хабардар еткен жағдайда бұзылуы мүмкін.

6.4. Меморандумның нақты формалары, реттері, мерзімдері мен ортақ мақсатқа жетудегі басқа да шарттары Тараптардың қосымша келісімшарттарында (немесе ауызша келісімдер) анықталады.

7. ҚОРЫТЫНДЫ ЖАҒДАЙЛАР

7.1. Тараптар осы Меморандумды бірлескен жұмыстар бойынша заңды және қаржылық міндеттемелер туындатпайтын мақсат-ниеттер туралы декларация ретінде қарастырады.

7.2. Қатысушылар, сондай-ақ осы Меморандум аясындағы ешқандай іс-қимылдардың Тараптардың бір де біреуінің қандай да бір құзыреттіліктері мен құқықтарына қысым жасамауы тиіс екендігін негізге алады.

7.3. Осы Меморандумның ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде дау немесе түсініспеушілік туындаған жағдайда Тараптар оларды кеңестер және келіссөздер өткізу арқылы шешеді.

7.4. Осы Меморандумға енгізілетін барлық өзгерістер, толықтырулар оның ажырамас бөлігі болып табылады және олар жазбаша түрде құрастырылған және екі Тарап та қол қойған кезде ғана жарамды.

7.5. Осы Меморандумды жүзеге асыру барысында туындаған немесе туындауы мүмкін Тараптар арасындағы келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешімін табады.

7.6. Келіссөздер өз нәтижесін бермеген жағдайда, Тараптар белгіленген тәртіпте мемлекеттік құзыретті органдарға жүгінуге құқылы.

7.7. Меморандум 2 (екі) данадан мемлекеттік тілде, бірдей заңды күші бар әр Тарап үшін 1 (бір) данадан құрастырылған.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЛАРЫ:

«Зерделі» ақыл-ой
дамыту мектебі» ЖШС
010000, Астана қаласы,
Қабанбай батыр, 40
Тел. 7 702 612 02 75
Директор



Мәуіт Ұ.М.

Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК,
Астана қаласы,
Қабанбай батыр көшесі, 33
Тел. 481157
Директор



Дауешова С.М.